

DOI 10.54596/2958-0048-2023-1-52-56

ЭОЖ 37.013.78

FTAMA 06.54.31

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА ЖӘНЕ БАЛАЛАР: КИБЕРБУЛЛИНГ, ОНЫҢ САЛДАРЫ МЕН ӘСЕРІ

Жубандыков К.С.*

**Сүлеймен Демирел атындағы университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы*

**E-mail: zhubandykov.kuanysh@gmail.com*

Аңдатпа

Қазіргі таңда әлеуметтік медиа өзінің шарықтау шегіне жетті деп айтуға болады. Әлеуметтік медианың қоғамға тигізетін пайдасымен қатар, зиянды тұстары да бар. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер секілді осал топтарға келгенде бұл мәселе өзекті бола түседі. UNICEF зерттеушілері жыл сайын 175000 бала алғаш рет интернетке кіреді деген статистиканы келтіреді. Бүгінгі таңда әрбір үшінші интернет қолданушысы бала екені белгілі болып отыр. Дегенмен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралардың кешені толығымен қолға алынбаған. Сапалы онлайн контентпен қамтамасыз ету де әлі күнге дейін әртүрлі сауалдарды тудырады. Осы тұста әлеуметтік медианың дамуымен кең тараған мәселелердің бірі — кибербуллинг.

Түйін сөздер: әлеуметтік медиа, бала, бала құқығы, буллинг, кибербуллинг, цифрлық сауат, цифрлық қауіпсіздік.

СОЦИАЛЬНЫЕ МЕДИА И ДЕТИ: КИБЕРБУЛЛИНГ, ЕГО ПОСЛЕДСТВИЯ И ВЛИЯНИЕ

Жубандыков К.С.*

**Университет Сулеймана Демиреля, Алматы, Республика Казахстан*

**E-mail: zhubandykov.kuanysh@gmail.com*

Аннотация

Можно сказать, что сейчас социальные медиа на пике своих возможностей. Но нужно помнить, что у социальных медиа есть как положительная сторона, так и негативная. Этот вопрос стоит остро особенно, когда касается уязвимых слоев общества, таких как дети и подростки. Исследователи UNICEF приводят статистику, что ежегодно 175000 детей впервые оказываются на просторах интернета. На данный момент известно, что каждый третий пользователь интернета - это дети. Несмотря на это, мы не можем полностью обеспечить их безопасность. Вопрос качественного онлайн контента тоже остается актуальным. В связи с этим одна из главных проблем развития социальных медиа - кибербуллинг.

Ключевые слова: социальные медиа, дети, права детей, буллинг, кибербуллинг, цифровая грамотность, цифровая безопасность.

SOCIAL MEDIA AND CHILDREN: CYBERBULLYING, ITS CONSEQUENCES AND IMPACT

Zhubandykov K.S.*

**Syleyman Demirel University, Almaty, Republic of Kazakhstan*

**E-mail: zhubandykov.kuanysh@gmail.com*

Abstract

We can say that now social media is at the peak of its capabilities. But you need to remember that social media has both a positive side and a negative one. This issue is particularly acute when it comes to vulnerable sections of society, such as children and adolescents. UNICEF researchers cite statistics that every year 175,000

children find themselves on the Internet for the first time. At the moment, it is known that every third Internet user is a child. Despite this, we cannot fully ensure their safety. The issue of quality online content also remains relevant. In this regard, one of the main problems in the development of social media is cyberbullying.

Keywords: social media, children, children's right, bullying, cyberbullying, digital literacy, digital security.

Кіріспе

Әлеуметтік медидағы қысым өмірдегіден де ауыр тиюі мүмкін — өйткені ешқандай шекара жоқ, аноним болып қалу оңай. Адам бетпе-бет сөйлескен кезде қатыгездіктің шекарасынан сирек өтеді. Бірақ желідегі аноним адамнан қысым көру, қауіп-қатердің түпнегізін білмеу адамға қатты әсер етеді. Әсіресе бұл мәселе балалар секілді осал топтарға келгенде өте өзекті тұрады. Балалардың назары отбасы мен достарының арасындағы қарым-қатынастан, оқудан, қалыпты өмірден басқа жаққа ауысады. Бала телефонды қолына ұстап, әлеуметтік медианы қолдана бастағанда қысымға, балағат сөздерге, ренжітетін иллюстрацияларға кездесуі мүмкін. Ал бала бұл туралы ешкімге айтпай, өзін шешемін деп те ойлап жатады.

Осы мақалада кибербуллингтің балаларға әсері мен салдары, жалпы цифрлық сауаттың маңызы туралы сөз қозғап, ғалымдардың пікірін талдап, мәселеге тереңірек үңіліп көреміз.

Әдеби шолу

Бала тақырыбы кез келген адам үшін маңызды дүниелер қатарында. Өйткені бұл біздің жүрегімізге жақын түсінік. Сол себепті ғалымдар да бала тақырыбына қатысты зерттеулерге көп назар аударады. Бала мен оларға кибербуллинг әсерін зерттегенде Hinduja S., Patchin J., Livingstone S., Haddon L., Görzig A., Ólafsson K. секілді ғалымдардың еңбектеріне шолу жасап, Қазақстанға көңіл-күй тұрғысынан жақын Хломов К.Д., Давыдов Д.Г., Бочавер А.А., Рабигов Э.Э. секілді Ресей ғалымдарының еңбектерімен де танысамыз.

Зерттеу тәсілдері

Зерттеу барысында бала мәселесін зерттейтін ғалымдардың еңбектерін талқылап, ресми деректерді келтіріп, мәселеге тереңірек үңілу үшін талдау тәсілін қолданып, мақала тақырыбының төңірегінде ой толғаймыз.

Зерттеу нәтижесі

Кибербуллинг салдарын өлшеу өте қиын және оның арты әртүрлі тәуекелдерге әкеп соғуы мүмкін [1]. Интернеттегі қысым жасөспірімдер суицидінің себебінің бірі екені дәлелденген [2]. Бала белсенді түрде онлайн қысымға ұшыраған кезде, әсіресе бала бұл туралы ата-анасына айтуға қорықса немесе ата-анасы баланың сөздеріне мән бермесе, өкінішке орай, бала өз-өзіне қол жұмсауға дейін барып жатады.

Кесте 1. 2017-2021 жылдар арасында өзіне өзі қол жұмсаған 0-14 жастағы балалар статистикасы

Жыл	Бала саны
2017	52
2018	59
2019	47
2020	44
2021	44

Бұған қоса, суицид туралы жаңалықтар таратқан кезде де өзекті проблемамен кездесеміз. Баланың қалай және қандай әдіспен суицид жасағаны туралы айту арқылы медианың өзі провокаторға айналу қаупі бар. Буллингке ұшырап, ауыр күйзелісте болып, өзіне қол жұмсау туралы ойлап жүрген бала медиа беттеріндегі “суицид жасаудың нұсқаулығы” тәріздес жаңалықтарды оқып, дәл сондай әрекетке баруы да мүмкін. Осы орайда әлеуметтік медиадағы этикамен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы этикаға да назар аудару керек.

Жоғарыда сөз болған мәселенің алдын алу үшін цифрлық қауіпсіздік туралы бала әлеуметтік медиа және оған қатысты барлық интернет кеңістігімен байланысқа түскен кезде сөйлесіп бастаған жөн. Яғни ата-аналар балалардың цифрлық қауіпсіздік дағдыларына алғашқы болып назар аударуы керек [3]. Ата-аналар көп жағдайда әлеуметтік медианы баланы қоршаған орта ретінде қабылдамайды. Бар қауіп-қатерді болжау қиын кеңістікке баланы жіберген кезде күтіп тұрған тәуелкелдерді де ұмытпаған жөн.

Осы орайда әлеуметтік медиада кибербуллингке ұшыраған бала қалай әрекет етеуі керек деген маңызды сұрақ туындайды. Бұл жерде қандай проблема болады? Біріншіден, кибербуллинктің ауқымы кең болуы мүмкін екенін түсіну керек. Мысалы, кибербуллердің қолына бала туралы құпия ақпарат түсуі мүмкін, бопсалаудан қорыққан балалар әртүрлі әрекеттерге барып жатады. Өкінішке орай, тіпті ақша беріп құтылғысы келсе де, қылмыскерлер олардың құпия ақпаратын сол әлеуметтік медиаға жүктеп, баланы суицидке итермелейді [4]. Әрине, балаларымен әрдайым жақын араласатын, қандай да бір өзгерістер болғанын сезетін мұқият ата-аналар үшін бірнәрсе болып жатқанын түсіну қиын емес. Бірақ, өкінішке орай, көбінесе ата-аналар мұндай өзгерістерді байқамай қалады. Тіпті бала да қандай да бір проблемалары бар екенін анық көрсетпеуі мүмкін. Психологтардың сөзінше, баланың көңіл-күйі көтеріңкі болып жүріп, бірден көңілсіз, тұйық болып қалса, бұған назар аудару керек. Бала сөзге жоқ болып, қандай да бір жаңалықтарды бөлісуді қойса да, назар аудару керек. Бірақ ондай ештеңе байқалмайтын ситуациялар да болады. Бала өзін қалай ұстаса, солай жалғастыра беруі мүмкін. Нәтижесінде ата-аналар осындай ауыр тақырыптарды өздері көтергені ең дұрыс стратегия саналады [5].

Пікірталас

Ғалымдар балалар көп жағдайда сенгіш болып келеді деген аргументті алға тартады. Әлеуметтік медианы қолданған кезде кибербуллердің тұтқынына түскенін бірден сезбей, әртүрлі қателіктерге жол беруі мүмкін. Тіпті өзінің интим суреттерін де түсіре бастайды. Бірақ әлеуметтік медиада педофилдер болатынын да естен шығармау керек. Олар балаларға арналған сайттарға тіркеліп жатады [6]. Нәтижесінде әлеуметтік медиадағы кибербуллинг тек моральды қысыммен шектелмей, нағыз қылмысқа да әкеп соғады. Сол себепті баланың қандай сайтқа кіріп-кіре алмайтынына шектеу қойып, қандай әлеуметтік медианы пайдаланатынын қадағалау да маңызды. Бірақ бұл жерде мәселе баланың жеке кеңістігіне қол сұғуда емес, балаларға өз жеке кеңістігін қалай сақтау керек екенін түсіндіруде. Сондықтан мессенджерлер, электронды хабарламалар, әлеуметтік медиа мен интернет арқылы жасауға болмайтын әрекеттер, балағаттау мен қоқан-лоққы дегеніміз не екенін балалармен бірге талқылаған жөн [7].

Ата-аналар тағы не істей алады? Біріншіден, буллинг мәнді хабарламаларды балалар арасында байқап қалса, басқа баланың ата-анасына айтуға болады. Қалыптасқан ситуацияны ретке келтіре алатын жауапты ересек адам болғаны жөн. Яғни, мәселені интернеттің шекарасынан да шығару маңызды.

Екіншіден, бала талпынған кеңістікті фильтрлеу. Әлеуметтік медианы қауіпсіздік дәрежесіне қарай бағалауға болады. Олар қаншалықты кибербуллингтен, аккаунты бұзудан, фишингтен қорғай алады деп ойлану керек. Өйткені кибербуллинг орын алуы мүмкін көзге көрінбейтін зоналар болады.

Бұған қоса, ғалымдар кибербуллингпен күресу және оның алдын алу үшін мектептерде антибуллингтік бағдарламаларды енгізу маңызды деп есептейді [8]. Жоғарыда айтқанымыздай, ата-аналар балаларына бірдеңе болып жүргенін, олар кибербуллингке тап болғанын, Instagram, TikTok, Telegram немесе басқа да әлеуметтік медиада қандай да бір челленджерге қатысып жүргенін бірден байқай бермеуі мүмкін. Сондықтан бұл жерде мектеп өте маңызды рөл ойнайды. Өйткені мектепте мұғалім балаларды жинап, кибербуллинг тақырыбында сынып сағатын өткізіп, өзінді және достарыңды кибербуллингтен қалай қорғауға болады деген тақырыптарды көтере алады.

Ал бала өзін кибербуллингтен қалай қорғай алады? Біріншіден, интернетте ешкімге өзінің жеке деректерін жібермеуі керек. Танымайтын адамға да, тіпті достарымен сөйлескенде құпия ақпаратты бөліспегені жөн. Екіншіден, танымайтын адамдардан ешқандай файлдарды қабылдамау керек. Өйткені бұл қандай да бір вирустар, баланың телефоны немесе компьютеріне орнатылатын барлық ақпаратты жазып алатын, суреттерді сақтап алатын қандай да бір бағдарламалар болуы мүмкін [9]. Үшіншіден, балалар әлеуметтік желілерде танысқан кез келген жаңа достарының сөзіне сене бермеуі де маңызды. Яғни, қылмыскерлер өздерін басқа балалар ретінде таныстырып, кездесуге шақырады. Бұл жерде балалардың мына нәрсені түсінгені маңызды: егер сені жаңа достарыңның бірі белсенді түрде кездесуге шақыруды қоймаса, бұл туралы міндетті түрде ата-анаға айту керек.

Егер бала әлеуметтік медиада агрессияға тап болса не істеген дұрыс? Ең басты нәрсе — агрессияға агрессиямен жауап бермеу керек [10]. Әлеуметтік медиадағы кибербуллингті жарыққа шығару, әр нәрсені өз атымен атау, балаларға бұның алалау, буллинг, жасауға болмайтын әрекет екенін айтып түсіндірген жөн. Яғни, балаларға ақпарат қажет. Әйтпесе олар әр нәрсенің шекарасын тексеретін болады [11]. Ал бұның соңы неге әкеліп соғатынын болжау өте қиын.

Қорытынды

XXI ғасыр әлеуметтік медиа дамып тұрған ғасыр екенін бәріміз білеміз. Бәріміз де әлеуметтік медиаларды қолданамыз. Нәтижесінде адамдардың өмірі толықтай өзгеріп кетті. Кейбір жандар үшін әлеуметтік медиа жаңа мүмкіндіктер мен дамудың көзі болса, кейбір жандар үшін қылмысқа жол ашуы мүмкін. Балалар мен жасөспірімдер секілді осал топтар үшін әлеуметтік медианың ықпалы одан да қатты сезіледі. Пайда болған жаңа қауіптің бірі — кибербуллинг. Жоғарыда бұл мәселе туралы ғалымдардың пікірімен бөлісіп, проблеманы талдауға тырыстық. Әлеуметтік медианың дамуы нәтижесінде пайда болған проблеманың салдары қандай болуы мүмкін, бұл салдармен қалай күресу керек, балалар мен ата-аналар арасындағы байланыс секілді ғалымдардың пікірін білдік. Әрине, кибербуллинг балалар мен жасөспірімдер үшін әлеуметтік медианың негатив ықпалы саналады. Сондықтан бұл негатив ықпалды қалай позитив ықпалға айналдырамыз деп ойлану керек. Әлеуметтік медианың әсері туралы айтқанда үнемі осал топтардың қажеттіліктері мен мүддесін алдыңғы планға шығаруымыз керек деп санаймыз. Егер бұл нәрсені назардан тыс қалдырсақ, өзіміз де кибербуллингке бой беруіміз мүмкін.

Әрине, қалай болғанда да әлеуметтік медианың ықпалын өлшеу қиын, әсіресе негатив ықпалды тежеу оңай емес. Бірақ заманның күн санап өзгеріп жатқанын

жадымыздан шығармай, алда күтіп тұрған өзгерістер мен олардың салдары туралы сыни ойлап үйрену де маңызды. Сонда ғана әлеуметтік медиадағы негатив тенденциялардың салдарын балалар мен жасөспірімдер секілді осал топтар үшін жеңілдете аламыз.

Әдебиет:

1. Хломов, К.Д., Давыдов, Д.Г., & Бочавер, А.А. (2019). Кибербуллинг в опыте российских подростков. *Психология и право*, 9(2), 276-295.
2. Hinduja, S., & Patchin, J. W. (2010). Bullying, cyberbullying, and suicide. *Archives of suicide research*, 14(3), 206-221.
3. Livingstone, S., Haddon, L., Görzig, A., & Ólafsson, K. (2011). Risks and safety on the internet. The perspective of European children. Full findings and policy implications from the EU Kids Online survey of, 26.
4. Коданева, С.И. (2020). Кибербуллинг: причины явления и методы предупреждения. *Социальные новации и социальные науки*, (1 (1)), 149-159.
5. Алания, Д.А. (2020). Общая характеристика кибербуллинга и способы его профилактики. in *Инновационные подходы в решении научных проблем* (pp. 416-426).
6. Мусихин, А.И. (2013). Кибербуллинг. Педагогическое образование на Алтае, (1), 76-83.
7. Мелешкина, И.И., & Бегичева, С.В. (2017). Кибербуллинг и астротурфинг как виртуальная агрессия. In *Современные информационные технологии: проблемы и перспективы развития* (pp. 108-113).
8. Иванова, А.К. (2018). Буллинг и кибербуллинг как явление образовательной среды: примеры современных исследований проблемы. *Мир науки. Педагогика и психология*, 6(5), 50.
9. Хахина, А.М., & Акименко, Т.В. (2020). Интернет-опасности для детей. *Заметки ученого*, (10), 495-499.
10. Рабиков, Э.Э. (2019). Влияние социальных сетей на современные формы девиантного поведения. In *XXI Всероссийская студенческая научно-практическая конференция Нижневартковского государственного университета* (pp. 341-344).
11. Макарова, Е.А., & Осадчая, А.В. (2019). Кибер-виктимизация и демографические характеристики подростков, вовлеченных в кибербуллинг. *Национальное здоровье*, (1), 125-136.

References:

1. Khlomov, K.D., Davydov, D.G., & Bochaver, A.A. (2019). Cyberbullying in the experience of Russian teenagers. *Psychology and Law*, 9(2), 276-295.
2. Hinduja, S., & Patchin, J.W. (2010). Bullying, cyberbullying, and suicide. *Archives of suicide research*, 14(3), 206-221.
3. Livingstone, S., Haddon, L., Görzig, A., & Ólafsson, K. (2011). Risks and safety on the internet. The perspective of European children. Full findings and policy implications from the EU Kids Online survey of, 26.
4. Kodaneva, S.I. (2020). Cyberbullying: causes of the phenomenon and methods of prevention. *Social Innovations and Social Sciences*, (1(1)), 149-159.
5. Alania, D.A. (2020). General characteristics of cyberbullying and ways of its prevention. in *Innovative approaches to solving scientific problems* (pp. 416-426).
6. Musikhin, A. I. (2013). Cyberbullying. *Pedagogical education in Altai*, (1), 76-83.
7. Meleshkina, I. I., & Begicheva, S. V. (2017). Cyberbullying and astroturfing as virtual aggression. In *Modern information technologies: problems and development prospects* (pp. 108-113).
8. Ivanova, A.K. (2018). Bullying and cyberbullying as a phenomenon of the educational environment: examples of modern research on the problem. *The world of science. Pedagogy and psychology*, 6(5), 50.
9. Khakhina, A.M., & Akimenko, T.V. (2020). Internet dangers for children. *Scholar's Notes*, (10), 495-499.
10. Rabikov, E.E. (2019). Influence of social networks on modern forms of deviant behavior. In *XXI All-Russian Student Scientific and Practical Conference of Nizhnevartovsk State University* (pp. 341-344).
11. Makarova, E.A., & Osadchaya, A.V. (2019). Cyber-victimization and demographic characteristics of adolescents involved in cyberbullying. *National Health*, (1), 125-136.